

**"Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқару жүйесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 4790 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімі **ШЕШТІ** :

1. "Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқару жүйесін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 4 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4632 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 тамыздағы № 101 (17341) "Дидар", 2016 жылғы 23 тамыздағы № 102 (19854) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі*

*Д. Ахметов*